Example She works in a hospital. I didn't know that.
Ол ауруханада жұмыс істейді екен.

1 Marat's girlfriend is beautiful. Who would have thought it?
2 This computer is good. I'm surprised.
3 I have found out that Astana was an old fortress a long time ago.
4 It turns out that Almaty's old name is Vernyi.
5 I wonder if it will it rain?
6 I wonder for what purpose the paintings were used.

Exercise 9

Balbals are sculptures that are found across the steppe of Eurasia. Just like the petroglyphs of Tamgaly Tas (which were discussed in Dialogue 3), balbals raise many questions. Find out what the common hypotheses are about the origin and purpose of balbals and, using the modal words **мүмкін** and **шығар**, write down the hypotheses below.



Exercise 10 **(CD 2; 50)**

You are looking for an apartment to live in. An estate agent is returning your call. Enter the conversation. You take the part of the second speaker.

AGENT Сәлеметсіз бе! Сіз жалдауға пәтер іздеп жүрсіз бе?
YOU [Say: yes, I need a two-room apartment.]
AGENT Көктем ауданында бір пәтер бар.
YOU [Ask: on which floor is the apartment? Ask: is it furnished?]
AGENT Пәтер екінші қабатта, жиһаздалған.
YOU [Ask: how much is the rent per month?]
AGENT Айына 500 доллар.

Unit Fourteen

Ауырып қалдым

I fell sick

In this unit you will learn how to:

- speak about health issues
- report someone else's speech
- describe an action or event that you have not witnessed
- describe parts of the human body
- describe appearances
- say 'because' and 'that's why'

Dialogue 1

Қай жеріңіз ауырып тұр? What is bothering you?

(CD 2; 51)

Zhanar is seeing a doctor.

ДӘРІГЕР Қай жеріңіз ауырып тұр?
ЖАНАР Тұла бойым қалтырап, тамағым және басым ауырғанына екі күн болды.
ДӘРІГЕР Ыстығыңызды өлшедіңіз бе?
ЖАНАР Кеше кешке ыстығым 38 болған, бүгін таңертең 39-ға көтеріліп кетті.
ДӘРІГЕР Жөтеліп жүрсіз бе?
ЖАНАР Иә, жөтелім қатты.
ДӘРІГЕР Жейдеңізді көтеріңіз, өкпеңізді тыңдайын.
ЖАНАР [*She breathes in and out.*]

ДӘРІГЕР Өкпеңіз таза. Қауіпті ешнәрсе жоқ. Сізге суық тиген. Мен сізге дәрі жазып беремін. Дәріханадан алыңыз. Сізге бір екі күн үйде жату керек. Сұйықты көбірек ішіңіз және демалыңыз. Егер тәуір болмасаңыз, маған телефон соғыңыз.

ЖАНАР Жұмыс орныма анықтама жазып бересіз бе?

ДӘРІГЕР Әрине, анықтамаңыз міне.

Vocabulary

тұла бойы	whole body
қалтырау	to shiver, to tremble
ыстық өлшеу	to measure a temperature
көтерілу	to go up
жөтел	cough
өкпе	lung
қауіпті	dangerous
суық тию	to catch a cold
дәрі жазып беру	to prescribe medicine
тәуір болу	to feel better
анықтама жазып беру	to write a medical note

Dialogue 2

Дәрігер не деді? What did the doctor say?

(CD 2; 52)

Zhanar is calling her office.

ЖАНАР Сәлем Болат. Бұл Жанар ғой.

БОЛАТ Сәлем! Жұмыста жоқсың ғой, не болды?

ЖАНАР Мен ауырып қалдым, қатты суық тиіп қалыпты. Сол себепті бүгін жұмысқа бара алмадым.

БОЛАТ Ойпырмай, жаман болған екен. Жедел-жәрдем шақырдың ба?

ЖАНАР Жоқ, дәрігерге өзім бардым.

БОЛАТ Тұмау ма? Дәрігер не деді?

ЖАНАР Дәрігер «қауіпті ешнәрсе жоқ, суық тиген, үйде бір-екі күн жату керек» деді.

БОЛАТ Әрине, әбден жазылғанша үйде жат. Емдел, өзіңді күт. Көмек керек пе?

ЖАНАР Жоқ, қажет емес. Рахмет, Болат. Бастықты ескертіп қоясың ба?

БОЛАТ Уайымдама. Бастыққа жағдайыңды түсіндіріп айтамын.

Vocabulary

ауырып қалу	to fall sick	**емделу**	to treat oneself
ойпырмай	ouch!, oh!	**күту**	to take care
жедел жәрдем	ambulance	**ескерту**	to warn
тұмау	flu	**жағдай**	situation
әбден	completely, fully	**түсіндіру**	to explain
жазылу	to recover		

Dialogue 3

Велосипедтен құлап қалдым I have fallen off a bike **(CD 2; 53)**

Kanat is seeing a doctor.

ҚАНАТ Аға, қолымды ауыртып алдым. Қарап беріңізші.

ДӘРІГЕР Қалай ауыртып алдың?

ҚАНАТ Велосипедтен құлап қалдым.

ДӘРІГЕР Қане, көрсетші қолыңды? Қай жері ауырып тұр?

ҚАНАТ Міне, шынтағым.

ДӘРІГЕР Түсінікті, ауруханаға бірден келу керек еді. Шынтағың сынып қалыпты.

ҚАНАТ Бәсе, неге қатты ауырып тұр десем. Енді операция жасау керек пе?

ДӘРІГЕР Мүмкін. Алдымен қолыңды рентгенге түсіру керек. Рентгенге жолдама жазып беремін. Нәтижесін маған алып кел.

ҚАНАТ Жаман болды ғой. Сабағымды не істеймін?

ДӘРІГЕР Уайымдама, әлі-ақ жазылып кетеді.

Vocabulary

ауыртып алу	to hurt	**бәсе**	that is why
құлап қалу	to fall down	**операция**	surgery
шынтақ	elbow	**рентгенге түсіру**	to make an X-ray
аурухана	hospital	**жолдама**	referral
сынып қалу	to break	**нәтиже**	result

Language point

1 How to speak about health issues

If you know that someone has health problems, you can ask about his/her health by saying:

Денсаулығың қалай?	How do you feel?
Тәуірсіз бе?	Do you feel better?
Көңіл-күйіңіз қалай?	How is your mood?
Жүзің бозарып тұр ғой, бір жерің ауырып тұр ма?	You look pale, is anything hurting?

If you feel unwell, you can indicate this by saying:

Ауырып тұрмын.	I'm not feeling very well.
Басым ауырып тұр.	I have a headache.
Ішім ауырып тұр.	I have a stomach ache.
Тамағым ауырып тұр.	I have a sore throat.
Тісім қақсап тұр.	I have toothache.
Арқам ауырып тұр.	My back is hurting.
Жүрегім айнып тұр.	I feel sick.

If you have a medical condition, you can describe it by saying:

Жүрегім ауырады.	I have heart problems.
Бүйрегім ауырады.	I have kidney problems.
Қан қысымым жоғары.	My blood pressure is high.
Аллергиям бар.	I have an allergy.
Астмамен ауырамын.	I have asthma.

You can describe your current mood by saying:

Шаршап тұрмын.	I feel tired.
Көңіл күйім болмай тұр.	I'm in a bad mood.

If you have recently sustained an accident or injury, you can indicate this by saying:

Саусағымды кесіп алдым.	I have cut my finger.
Аяғымды ауыртып алдым.	I have hurt my foot.
Басымды соғып алдым.	I have hit my head.
Қолымды күйдіріп алдым.	I burnt my hand.
Қолымды сындырып алдым.	I broke my hand.
Шашалып қалдым.	I choked.
Уланып қалдым.	I have been poisoned.

Exercise 1

Match each of the injuries in the left column with a symptom in the right column.

оған суық тиіп қалды	қан ағып тұр
ол қолын кесіп алды	сөйлей алмайды
ол аяғын ауыртып алды	жүгіре алмайды
оның тамағы ауырып тұр	ыстығы жоғары
оның қолы сынып қалды	цитрус жеуге болмайды
оның аллергиясы бар	қолы ауырып тұр

Exercise 2

In each column are listed the symptoms of a common illness. Read the symptoms and fill in the name of the illness above.

		уланып қалған	
Ол түшкіреді, мұрнынан су ағады, жөтеледі, ыстығы көтеріледі.	Ол – әлсіз, ұйқысы келеді, тамақ ішуге зауқы соқпайды.	Оның жүрегі айнып, көп құсты, тамақ іше алмайды.	Тәтті бір нәрсе жесе, денесі бөртіп, көзі қышиды.

Dialogue 4

Жарық сөніп қалыпты The light has gone out

(CD 2; 54)

Arman and Sagat are trying to turn on the TV.

АРМАН Теледидарды қосшы, сағат 7-де кино болады.
САҒАТ Пульт қайда?
АРМАН Пульт жұмыс істемейді, батареясы бітіп қалыпты. Қосу түймесін бас.
САҒАТ Қосылмайды. Теледидар сынып қалған ба?
АРМАН Мүмкін емес! Жаңа теледидар ғой. Жарық бар ма екен, тексерші!
САҒАТ Иә, жарық сөніп қалыпты.
АРМАН Отырып күткеннен басқа амал жоқ.

Vocabulary

теледидарды қосу	to turn on the TV
пульт	remote control
бітіп қалу	to die, to run out
қосу түймесі	power button
жарық	light, electricity
сөніп қалу	to be cut off
тексеру	to check
амал жоқ	nothing to do

Phrases to remember **(audio online)**

Шам сөніп қалды.
The light has gone out.

Компьютерім бұзылып қалды.
My computer has broken.

Камерамның батареясы отырып қалды.
My camera's battery has died.

Кілтімді жоғалтып алдым.
I've lost my key.

Кілтімді тауып алдым.
I've found my key.

Сөмкемді ұрлатып алдым.
My bag has been stolen.

Ақшам бітіп қалды.
I have run out of money.

Атын ұмытып қалдым.
I have forgotten his name.

Паспортымды ұмытып кетіппін.
I've left my passport behind.

Dialogue 5

Жөндей алмаймын деді He said that he cannot repair it **(CD 2; 55)**

Zhanar and Alma are discussing Zhanar's broken watch.

ЖАНАР Сағатым жүрмейді, сынып қалыпты. Жаңа сағат алуым керек.
АЛМА Батареясы отырып қалған шығар. Батареясын ауыстырдың ба?

ЖАНАР Иә, ауыстырдым.
АЛМА Жөндетуге болатын болар. Сағат шеберіне апардың ба?
ЖАНАР Апардым. Сағат шебері «бұл сағат Жапонияда жасалған, жөндей алмаймын» дейді.
АЛМА Қай дүкеннен сатып алып едің? Кепілдемесі бар ма?
ЖАНАР ЦУМ-нан сатып алғанмын. Кепілдемесінің мерзімі өтіп кетіпті. Сатушы жөндету қымбат дейді.
АЛМА Өкінішті, әп-әдемі сағатты қалай тастайсың?

Vocabulary

жөндеу	to repair
ауыстыру	to replace
сағат шебері	watch repairer
кепілдеме	guarantee
мерзімі өтіп кету	to expire
өкінішті	it is a pity
тастау	to dispose of, to throw away

Language point

2 How to report someone else's speech

As you may have noticed in the dialogues, to report someone else's speech, you should use the verb **деу** 'to say', not the synonymous verb **айту** 'to tell, to say'. For reported speech, you can also use compound verbs such as **деп айттым** 'I said' (literally: 'I told saying that'), **деп жауап бердім** 'I answered saying that', **деп сұрадым** 'I asked' (literally: 'I asked saying that').

In Kazakh the phrase that signals that the content of a sentence is reported speech is split up: the subject appears at the beginning of the sentence, the verb **деу** or the compound verb appears at the end of the sentence and the speech being reported appears verbatim (i.e. unchanged) in between. For example:

Асыл «ертең келемін» деді.
Asyl said that he is coming tomorrow. (Literally: 'Asil "I'm coming home" said.')

Айгүл «ауырып қалдым» деді.
Aigul said that she is sick. (Literally: 'Aigul "I'm sick" said.')

Дәрігер «операция жасау керек» деп жауап берді.
The doctor answered that surgery is needed. (Literally: 'The doctor "surgery is needed" saying answered.')

Exercise 3

You and your friend Saken have invited friends for a party. In reply, some of your friends have left a message on your voice mail. Report to Saken what they have told you, using the verbs **деді** 'he/she said that' or **деп жауап берді** 'he/she answered, saying that'.

Example Дина: бара алмаймын, кешке жиналысым бар
Дина бара алмаймын деп жауап берді.

Гаухар: бауырсақ пісіріп әкелемін
Ержан: сағат 9-да келемін, гитара ала келемін
Слава: Лена бармаса, мен де бармаймын
Лена: Славамен бірге келемін
Арман: шаршап жүрмін, үйге барамын

Dialogue 6

Оған не болыпты? What has happened to him?

(CD 2; 56)
Zhanar and Saule are sharing news about their acquaintances.

ЖАНАР Естідің бе, Арман аурухана түсіп қалыпты.
СӘУЛЕ Жоқ, естіген жоқпын. Оған не болыпты?
ЖАНАР Жұмыста отырғанда ауырып қалыпты. Жүрегі сияқты.
СӘУЛЕ Саған кім айтты?

ЖАНАР Айман телефон соқты. Кешке балаларды мектепте алып кетуімді өтінді. Өзі ауруханада отыр екен.

СӘУЛЕ Арман тәуір болып па?

ЖАНАР Иә, тәуір болыпты. Дәрігер қауіпті ешнәрсе жоқ, демалу керек депті.

Vocabulary

ауруханаға түсу	to be taken to a hospital
жүрек	heart
алып кету	to pick up
өтіну	to ask, to request
тәуір болу	to feel better
қауіпті	dangerous

Language point

3 How to describe an action or event you have not witnessed

In Kazakh there is a past tense that you can use to emphasize that you have not witnessed the action or event to which you are referring in your sentence. Kazakhs use this tense especially to relay news that they have heard from someone else, to tell folk tales and to recount their dreams. Since this tense always implies that the speaker is not the source of the information, Kazakhs use this tense for gossiping as well.

To conjugate a verb in this past tense, add to the stem of the verb one of the endings **ып** or **іп** and follow it by one of the personal endings **пын/пін**, **сың/сің**, **ты/ті** or **пыз/піз**. For example:

Самал Мәскеуге кет-іп-ті.	Samal went to Moscow [I was told].
Марат пен Айжан балалы бол-ып-ты.	Marat and Aizhan had a baby [I was told].

To put this tense in the negative, add to the stem of the verb one of the negative endings **ма/ме**, **ба/бе** or **па/пе** and follow it with the ending **п** and one of the personal endings. For example:

Ол әлі үйлен-бе-п-ті.	He has not married yet [I've heard].
Самал Мәскеуден келмепті.	Samal has not come back from Moscow yet [I've heard].

Exercise 4

Relay the news that you have heard.

Example

News from Aliya: Менің ұлым жас суретшілер байқауына қатысып, бірінші орынды жеңіп алды.

You (at a later time): Әлияның ұлы жас суретшілер байқауына қатысып, ұлы байқаудан бірінші орында жеңіп алыпты.

1 News from Saken: Мен Лондоннан кеше келдім.
You (at a later time):

2 News from the TV: Индонезияда тағы жер сілкінді.
You (at a later time):

Exercise 5

Read the below list of the most common exterior body parts (**дене мүшелері**).

бас	head	**иық**	shoulder
шаш	hair	**кеуде**	chest
маңдай	forehead	**арқа**	back
көз	eye	**қол**	hand
мұрын	nose	**саусақ**	finger
ауыз	mouth	**аяқ**	leg, foot
құлақ	ear	**тізе**	knee
мойын	neck		

Exercise 6

Match each of the body parts in the left column with a verb in the right column so as to make common idiomatic expressions. You may look up unfamiliar words in the glossary.

Қол	изеу
Шаш	керу
Бас	алысу
Мұрын	тістеу
Қас	көтеру
Тырнақ	тарау

Dialogue 7

Ұзын бойлы жігіт пе? Is he that tall guy? **(CD 2; 57)**

Zhanar introduces her classmates to Saule.

ЖАНАР Арманды танисың бе?
СӘУЛЕ Түрін білмеймін, қайсысы?
ЖАНАР Ұзын бойлы, қара торы жігіт.
СӘУЛЕ Динаның жанында тұрған әдемі жігіт пе?
ЖАНАР Иә, дәл өзі. Диванда отырған ұзын шашты қыз Айман.
СӘУЛЕ Айманның жанында отырған сары қыз кім?
ЖАНАР Шашы қысқа қыз ба? Ол Майра.
СӘУЛЕ Анау билеп жүрген жігіт кім?
ЖАНАР Қайсы? Орта бойлы, ақ көйлекті жігіт пе?
СӘУЛЕ Жоқ, қара свитерлі, шашы бұйра жігітті айтамын.
ЖАНАР А-а-а, ол Айдын ғой.

Vocabulary

тану	to be acquainted	**жігіт**	guy, young man
түр	appearance, look	**дәл өзі**	exactly
қара торы	dark-skinned	**сары қыз**	blonde girl
әдемі	pretty, handsome	**бұйра**	curly

Language point

4 How to describe appearances

When you want to find out about someone's appearance, ask the question **Оның түрі қандай?** 'What does she/he look like?'

To describe someone's appearance, use adjectives that derive from nouns. For a detailed discussion of how to make such adjectives, see Unit 11. For example: **Қайрат қара шашты, кең иықты, ұзын бойлы жігіт**. 'Kairat is a black-haired, wide-shouldered and tall guy.'

Alternatively, you can describe someone's appearance by adding one of the possessive endings to both the body part and to the person to whom the body part belongs. For a detailed discussion of how to use possessive endings, see Unit 3. For example: **Қайраттың шашы қара, иығы кең, бойы ұзын жігіт.** 'Kairat's hair is black, his shoulders are wide and his height is tall.'

Exercise 7 **(CD 2; 58)**

Read the descriptions of the three people pictured below. While reading, also listen to the descriptions on the accompanying CD.



Наташаның шашы сары және қысқа. Ол орта бойлы, талдырмаш, сымбатты қыз.

Раушан – толықша келген, қара шашты, қысқа бойлы, сүйкімді қыз.



Маржан ұзын қоңыр шашты қыз. Ол қара көзді, ұзын бойлы, аққұба қыз.

Exercise 8

Respond to the questions below by describing three people you know, each time using one of the adjectives provided in brackets.

Оның бойы қандай? (**ұзын бойлы-қысқа бойлы-орта бойлы**)

1 _____
2 _____
3 _____

Оның денесі қандай? (**арық-талдырмаш-толық**)
Шашы қандай? (**ұзын-қысқа-түзу-бұйра**)
Көзі қандай? (**үлкен-қой көзді-сығыр**)
Бет-әлпеті қандай? (**әдемі-сүйкімді-тартымды**)

Dialogue 8

Қарым-қатынас маңызды болғандықтан Because a relationship matters

(CD 2; 59)
Friends are discussing Facebook.

МАҚСАТ Фэйсбук туралы не ойлайсыңдар?

ЖАНАР Фэйсбук туралы менің пікірлерім қарама-қайшылыққа толы. Бір жағынан Фэйсбук қолданушыға көп мүмкіндіктер ұсынады, ал екінші жағынан адамның көп уақытын алады.

АРМАН Мен Фэйсбукке жуықта тіркелгендіктен, әлі көп пікірім жоқ. Таныстармен хабарласып тұруға ыңғайлы екен.

ӘСЕМ Достарым мен таныстарым дүниенің төрт бұрышында болғандықтан, Фэйсбукті солармен хабарласып тұру үшін қолданамын.

МАҚСАТ Достарыңмен электрондық пошта арқылы да хабарласып тұруға болады.

ЖАНАР Әрине, дұрыс айтасың, электрондық поштамен араласуға болады. Бірақ Фэйсбук қарым-қатынасты жеңілдетеді. Себебі достарыңның парақшасында

олардың соңғы суреттері тұрады, қандай да бір нәрсе туралы пікірлерін жазады, өмірлеріндегі жаңалықтар туралы хабарың болады.

АРМАН Меніңше, Фэйсбук 'достық' деген сөздің мағынасын арзандатып жібереді. Өйткені соншама көп адаммен дос болу мүмкін емес қой.

ӘСЕМ Мен сенің бұл пікіріңмен келіспеймін. Себебі Фэйсбукті тек қана достық үшін емес, басқа мақсаттарда қолдануға болады. Мысалы, бизнес үшін немесе қоғамдық пікір қалыптастыру үшін.

МАҚСАТ Жалпы Фэйсбукті артық құрал деп санаймын. Себебі жұмысы бар адамның Фэйсбук парақшасында ұзақ отыруға уақыты болмайды.

ЖАНАР Меніңше әр нәрсені шектен асырмауға болады. Фэйсбукті қолдануға да болады, жақсы жұмыс істеуге де болады.

МАҚСАТ Ол да дұрыс шығар.

Vocabulary

пікір	opinion
қарама-қайшылық	contradiction
қолданушы	user
мүмкіндік	possibility, opportunity
тіркелу	to register
араласу	to be friends
қарым-қатынас	relationship
жеңілдету	to make easy
парақша	page
достық	friendship
арзандату	to make cheap, diminish
қоғамдық пікір	public opinion
шектен асырмау	not to exaggerate, keep a balance

Language point

5 How to reason

When you are arguing or reasoning, use the words **себебі**, **өйткені** 'because' or **сондықтан** 'that is why' to introduce a reason. For example:

Жанар жұмысқа келмеді, себебі ауырып қалды.
Zhanar did not come to work because she was sick.

Жанар ауырып қалды, сондықтан жұмысқа келмеді.
Zhanar was sick; that is why she did not come to work.

Alternatively, you can provide a reason without making use of the words **себебі**, **өйткені** or **сондықтан**. In this case, add to the stem of the reasoning verb one of the 'distant past' endings **ған/ген** or **қан/кен** as well as one of the 'reasoning' endings **дықтан** or **діктен**. As usual, choose among the different endings on the basis of the principles of vowel harmony and consonant assimilation. For example:

Кеше шарша-ған-дықтан бүгін ерте тұра алмады.
Because I got tired yesterday, I could not get up early today.

Су ішпегендіктен шөлдедім.
Because I did not drink water I feel thirsty.

Exercise 9 (CD 2; 60)

While reading the text below, listen to it on the accompanying CD. If necessary, look up unfamiliar words in the glossary. You will find a translation in the key to the exercises.

Теңгерілген ас деген не?

Асты дұрыс ішу және денсаулық – өзара тығыз байланысты ұғымдар. Неге? Себебі сіздің денсаулығыңыз сіздің денеңіз қабылдайтын қоректі заттарға тәуелді. Бұл жөнінде тағам зерттеушілердің пікірін сұрасаңыз, олар теңгерілген ас денсаулығыңыздың кепілі деп жауап береді. Неге дейсіз бе? Себебі адам ағзасы көмірсулар, май, протеин,

витаминдер, минералдар және су сияқты маңызды заттарды қажет етеді. Ал бұл қоректер тағам құрамында әр түрлі мөлшерде болады, сондықтан теңгерілген ас осы аталған заттардың барлығының асыңызда қажетті мөлшерде болуын қамтамасыз етеді. Мысалы, тағам зерттеушілер көмірсулардың адам ағзасына беретін энергиясын жағармайдың машинеге беретін энергиясына теңейді. Майлар денеңіздегі қосымша энергия көзі болып табылады, ал кальций сүйектеріңіздің мықты болуын қамтамасыз етеді. Зерттеушілер ағзаның 60-90 пайызы су болғандықтан, адам күнделікті бір литрден аса су ішуі керек деп санайды.

Vocabulary

теңгерілген ас	balanced diet
денсаулық	health
тығыз байланысты	closely linked
ұғым	concept
қабылдау	to receive
қоректі зат	nutrition
тәуелді	dependent
кепіл	guarantee
ағза	body
көмірсу	carbohydrate
қосымша	additional
мөлшер	volume
қамтамасыз ету	to provide
жағармай	petrol, gasoline
теңеу	to equate
энергия көзі	energy source
сүйек	bone
пайыз	per cent

Exercise 10 (CD 2; 61)

Listen to the following 'why?' questions on the CD. Drawing on your understanding of the text above, answer the questions.

1 Адамның денсаулығы неге ішетін асқа тәуелді?
2 Тағам зерттеушілер неге теңгерілген асты денсаулық кепілі деп санайды?
3 Адам неге күніне бір литрден аса су ішу керек?

Exercise 11 **(CD 2; 62)**

You are feeling sick. You have come to see a doctor. Enter the conversation. You take the part of the second speaker.

DOCTOR Қай жеріңіз ауырады?
YOU [Say: I have a sore throat and I have a headache.]
DOCTOR Ыстығыңыз бар ма?
YOU [Say: My temperature is 38 degrees.]
DOCTOR Сізге суық тиіп қалған. Жатып емделу керек.
YOU [Ask: will you give me a medical note?]
DOCTOR Әрине, жұмысқа беретін анықтама жазып беремін.

Grammar summary

1. Word order

1.1. Affirmative sentences

The basic structure of a Kazakh sentence is subject – object – verb. The places of the subject and the verb are fixed: the subject always appears at the beginning of the sentence and the verb always at the end of the sentence. In colloquial speech, however, the subject of the sentence can be dropped, unless it is emphasized. For example: the sentence **Мен ертең келемін** 'I will come tomorrow' can in speech also be expressed as **Ертең келемін**.

1.2. Questions

In a question the word order is the same as in an affirmative sentence. The only difference is that a question contains a question word, which appears in the place where the word(s) that the question word replaces would have appeared if the sentence had been affirmative. For example: **Бұл кім?** 'Who is this?', **Сен қашан келесің?** 'When will you come?'

1.3. Adjectives

An adjective usually appears before the noun it modifies. For example: **әдемі көйлек** 'a beautiful dress'. When an adjective functions by itself, as part of the predicate of the sentence, it appears after the noun. For example: **Олардың үйі әдемі** 'Their house is beautiful.'

1.4. Adverbs of manner

An adverb of manner always appears right before the verb it modifies: **Ол ерте тұрады** 'He gets up early', **Ол жылдам қимылдайды** 'She moves fast.'

1.5. Adverbs of place, time and frequency

An adverb of place, time or frequency always precedes an adverb of manner. For example: **Олар Астанаға мәшинемен барды** 'They went to Astana by car.' When a sentence contains more than one adverb of place, time or frequency, the adverb that is emphasized most by the speaker will appear closest to the verb (i.e. it will appear last). Compare the following examples: **Мен ертең Астанаға барамын, мен Астанаға ертең барамын** 'I will go to Astana tomorrow.'

1.6. Direct and indirect objects

Both the direct object and indirect object of a sentence always appear between the subject and the verb. If a direct and indirect object appear together in the same sentence, the one that is emphasized most by the speaker will appear closest to the verb (i.e. last). Compare the following examples: **Мен саған кітапты кеше бердім**, **Мен кеше кітапты саған бердім**, **Мен кеше саған кітапты бердім** 'I gave the book to you yesterday.'

2. Personal endings

2.1. Singular

	if the word ends on a vowel or one of the letters **й, л, м, н, ң, р, у**	*if the word ends on one of the letters* **з, ж**	*if the word ends on an unvoiced consonant*
1st person	**мын/мін**	**бын/бін**	**пын/пін**
2nd person		**сың/сің**	
2nd person formal		**сыз/сіз**	
3rd person		**–**	

2.2. Plural

	if the word ends on a vowel or one of the letters **й, л, р, у**	*if the word ends on one of the letters* **з, ж, м, н, ң**	*if the word ends on an unvoiced consonant*
1st person	**мыз/міз**	**быз/біз**	**пыз/піз**
2nd person		**сыңдар/сіңдер**	
2nd person formal		**сыздар/сіздер**	
3rd person		**–**	

2.3. Negative

	if the word is in the singular	*if the word is in the plural*
1st person	**емес-пін**	**емес-піз**
2nd person	**емес-сің**	**емес-сіңдер**
2nd person formal	**емес-сіз**	**емес-сіздер**
3rd person	**емес**	**емес**

3. Possessive endings

3.1. Singular

	if the noun ends on a vowel	*if the noun ends on a consonant*
if the possessive pronoun is **менің**	**м**	**ым/ім**
if the possessive pronoun is **сенің**	**ң**	**ың/ің**
if the possessive pronoun is **сіздің**	**ңыз/ңіз**	**ыңыз/іңіз**
if the possessive pronoun is **оның**	**сы/сі**	**ы/і**

3.2. Plural

	if the noun ends on a vowel	*if the noun ends on a consonant*
if the possessive pronoun is **біздің**	**мыз/міз**	**ымыз/іміз**
if the possessive pronoun is **сендердің**	**ң**	**ың/ің**
if the possessive pronoun is **сіздердің**	**ңыз/ңіз**	**ыңыз/іңіз**
if the possessive pronoun is **олардың**	**сы/сі**	**ы/і**

4. Noun plurals

	if the last syllable of the noun contains a back vowel	*if the last syllable of the noun contains a front vowel*
if the noun ends on a vowel or one of the letters **р, й, у**	**лар**	**лер**
if the noun ends on one of the letters **л, м, н, ң, з, ж**	**дар**	**дер**
if the noun ends on an unvoiced consonant	**тар**	**тер**

5. Question particles

	if the last syllable of the word contains a back vowel	*if the last syllable of the word contains a front vowel*
if the word ends on a vowel or one of the letters **р, л, й, у**	**ма**	**ме**
if the word ends on one of the letters **з, ж, м, н, ң**	**ба**	**бе**
if the word ends on an unvoiced consonant	**па**	**пе**

6. Case endings

genitive case	*dative case*	*accusative case*	*locative case*	*ablative case*	*instrumental case*
if the word ends on a vowel					
ның/нің	**ға/ге**	**ны/ні/н**	**да/де/нда**	**дан/ден**	**мен**
if the word ends on **л, у, й**					
дың/дің	**ға/ге**	**ды/ді**	**да/де**	**дан/ден**	**мен**
if the word ends on **м, н, ң**					
ның/нің	**ға/ге**	**ды/ді**	**да/де**	**нан/нен**	**мен**
if the word ends on **ж, з, р**					
дың/дің	**ға/ге**	**ды/ді**	**да/де**	**дан/ден**	**бен**
if the word ends on an unvoiced consonant					
тың/тің	**қа/ке**	**ты/ті**	**та/те**	**тан/тен**	**пен**

7. Negative particles

if the verb stem ends on a vowel or one of the letters **р, л, й**	*if the verb stem ends on one of the letters* **м, н, ң, з, ж**	*if the verb stem ends on an unvoiced consonant*
ма/ме	**ба/бе**	**па/пе**

8. Formal imperative

	if the last syllable of the verb stem contains a back vowel	*if the last syllable of the verb stem contains a front vowel*
if the verb stem ends on a vowel	verb**-ңыз**	verb**-ңіз**
if the verb stem ends on a consonant	verb**-ыңыз**	verb**-іңіз**

9. Simple present tense

9.1. Singular

	if the last syllable of the verb stem contains a back vowel	*if the last syllable of the verb stem contains a front vowel*
1st person	verb-**а-мын**	verb-**е-мін**
2nd person	verb-**а-сың**	verb-**е-сің**
2nd person formal	verb-**а-сыз**	verb-**е-сіз**
3rd person	verb-**а-ды**	verb-**е-ді**

9.2. Plural

	if the last syllable of the verb stem contains a back vowel	*if the last syllable of the verb stem contains a front vowel*
1st person	verb-**а-мыз**	verb-**е-міз**
2nd person	verb-**а-сыңдар**	verb-**е-сіңдер**
2nd person formal	verb-**а-сыздар**	verb-**е-сіздер**
3rd person	verb-**а-ды**	verb-**е-ді**

10. Progressive tense

10.1. Affirmative

if the verb ends on a vowel	*if the verb ends on a consonant and the last syllable contains a back vowel*	*if the verb ends on a consonant and the last syllable contains a front vowel*
verb-**п**	verb-**ып**	verb-**іп**

followed by one of the auxiliary verbs

отыр
жатыр
тұр
жүр

} -personal ending

10.2. Negative

if the verb ends on a vowel	*if the verb ends on a consonant and the last syllable contains a back vowel*	*if the verb ends on a consonant and the last syllable contains a front vowel*
verb-**п**	verb-**ып**	verb-**іп**

followed by one of the auxiliary verbs

отырған
жатқан
тұрған
жүрген

} **-жоқ**-personal ending

11. Ability 'can'

if the verb ends on a vowel	*if the verb ends on a consonant and its last syllable contains a back vowel*	*if the verb ends on a consonant and its last syllable contains a front vowel*	*if the verb ends on the letter* **қ**	*if the verb ends on the letter* **ю**
verb-**й**	verb-**а**	verb-**е**	verb-**и**	verb-**я**

followed by one of the auxiliary verbs

ал-а
біл-е

} -personal ending

12. Wish 'want'

12.1. Singular

	if the verb ends on a vowel or a sonorant	*if the verb ends on an unvoiced consonant*
if the possessive pronoun is **менің**	verb-**ғы-м** verb-**гі-м**	verb-**қы-м** verb-**кі-м**
if the possessive pronoun is **сенің**	verb-**ғы-ң** verb-**гі-ң**	verb-**қы-ң** verb-**кі-ң**
if the possessive pronoun is **сіздің**	verb-**ғы-ңыз** verb-**гі-ңіз**	verb-**қы-ңыз** verb-**кі-ңіз**
if the possessive pronoun is **оның**	verb-**ғы-сы** verb-**гі-сі**	verb-**қы-сы** verb-**кі-сі**
	followed by one of the auxiliary verbs **келеді** or **келіп тұр** or by one of the negative forms **кел-ме-й-ді** or **келіп тұрған жоқ**	

12.2. Plural

	if the verb ends on a vowel or a sonorant	*if the verb ends on an unvoiced consonant*
if the possessive pronoun is **біздің**	verb-**ғы-мыз** verb-**гі-міз**	verb-**қы-мыз** verb-**кі-міз**
if the possessive pronoun is **сендердің**	verb-**ғы-ларың** verb-**гі-лерің**	verb-**қы-ларың** verb-**кі-лерің**
if the possessive pronoun is **сіздердің**	verb-**ғы-ларыңыз** verb-**гі-леріңіз**	verb-**қы-ларыңыз** verb-**кі-леріңіз**
if the possessive pronoun is **олардың**	verb-**ғы-лары** verb-**гі-лері**	verb-**қы-лары** verb-**кі-лері**
	followed by one of the auxiliary verbs **келеді** or **келіп тұр** or by one of the negative forms **кел-ме-й-ді** or **келіп тұрған жоқ**	

13. Simple past tense

13.1. Singular

	if the verb ends on a vowel, the letter **з** *or a sonorant*	*if the verb ends on an unvoiced consonant*
1st person	verb-**ды-м** verb-**ді-м**	verb-**ты-м** verb-**ті-м**
2nd person	verb-**ды-ң** verb-**ді-ң**	verb-**ты-ң** verb-**ті-ң**
2nd person formal	verb-**ды-ңыз** verb-**ді-ңіз**	verb-**ты-ңыз** verb-**ті-ңіз**
3rd person	verb-**ды** verb-**ді**	verb-**ты** verb-**ті**

13.2. Plural

	if the verb ends on a vowel, the letter **з** *or a sonorant*	*if the verb ends on an unvoiced consonant*
1st person	verb-**ды-қ** verb-**ді-к**	verb-**ты-қ** verb-**ті-к**
2nd person	verb-**ды-ңдар** verb-**ді-ңдер**	verb-**ты-ңдар** verb-**ті-ңдер**
2nd person formal	verb-**ды-ңыздар** verb-**ді-ңіздер**	verb-**ты-ңыздар** verb-**ті-ңіздер**
3rd person	verb-**ды** verb-**ді**	verb-**ты** verb-**ті**

14. Distant past tense

14.1. Singular

	if the verb ends on a vowel, the letter **з** *or a sonorant*	*if the verb ends on an unvoiced consonant*
1st person	verb-**ған-мын**	verb-**қан-мын**
	verb-**ген-мін**	verb-**кен-мін**
2nd person	verb-**ған-сың**	verb-**қан-сың**
	verb-**ген-сің**	verb-**кен-сің**
2nd person formal	verb-**ған-сыз**	verb-**қан-сыз**
	verb-**ген-сіз**	verb-**кен-сіз**
3rd person	verb-**ған**	verb-**қан**
	verb-**ген**	verb-**кен**

14.2. Plural

	if the verb ends on a vowel, the letter **з** *or a sonorant*	*if the verb ends on an unvoiced consonant*
1st person	verb-**ған-быз**	verb-**қан-быз**
	verb-**ген-біз**	verb-**кен-біз**
2nd person	verb-**ған-сыңдар**	verb-**қан-сыңдар**
	verb-**ген-сіңдер**	verb-**кен-сіңдер**
2nd person formal	verb-**ған-сыздар**	verb-**қан-сыздар**
	verb-**ген-сіздер**	verb-**кен-сіздер**
3rd person	verb-**ған**	verb-**қан**
	verb-**ген**	verb-**кен**

15. Habitual past tense

15.1. Singular

if the last syllable of the verb contains a back vowel	*if the last syllable of the verb contains a front vowel*
verb-**тын** followed by one of the personal endings **мын**, **сың**, **сыз**	verb-**тін** followed by one of the personal endings **мін**, **сің**, **сіз**

15.2. Plural

if the last syllable of the verb contains a back vowel	*if the last syllable of the verb contains a front vowel*
verb-**тын** followed by one of the personal endings **быз**, **сыңдар**, **сіздер**	verb-**тін** followed by one of the personal endings **біз**, **сіңдер**, **сіздер**

16. Negatives

16.1. Negative with емес

Мен		**емес-пін**
біз		**емес-піз**
сен	verb-	**емес-сің**
сендер	**ған/ген/қан/кен**	**емес-сіңдер**
сіз		**емес-сіз**
сіздер		**емес-сіздер**
ол/олар		**емес**

16.2. Negative with жоқ

Мен		**жоқ-пын**
біз	verb-	**жоқ-пыз**
сен	**ған/ген/қан/кен**	**жоқ-сың**
сендер		**жоқ-сыңдар**
сіз		**жоқ-сыз**
сіздер		**жоқ-сыздар**
ол/олар		**жоқ**

Key to exercises

Unit 1

Exercise 3

1 2, 2 1, 3 2, 4 2, 5 2.

Exercise 4

1 Ғимарат ескі. 2 Олар егде. 3 Сен аққөңілсің. 4 Гүлжан әдемі. 5 Сіздер боссыздар. 6 Ауа райы құрғақ. 7 Мейманхана қымбат. 8 Мен сабырлымын. 9 Сіз бойдақсыз. 10 Олар ажырасқан. 11 Сен тұрмыстасың.

Exercise 5

1 Мен малшы емеспін. 2 Сен мұғалімсің. 3 Сен жұмысшы емессің. 4 Ол кәсіпкер. 5 Олар сатушы емес. 6 Ол банк қызметшісі емес. 7 Ол аспазшы. 8 Біз инженерміз. 9 Біз студент емеспіз. 10 Сіз жүргізушісіз. 11 Сіздер мұнайшы емессіздер. 12 Ол бухгалтер.

Exercise 6

1 Ол жапондық па? 2 Сіздер доссыздар ма? 3 Ол бастық па? 4 Мен еңбекқормын ба? 5 Сен студентсің бе? 6 Сендер таныссыңдар ма?

Exercise 7

1 Бұл не? 2 Сіз қай қаладансыз? 3 Сен қайдансың? 4 Сен неге көңілсізсің? 5 Неше бала? 6 Сөздік қайда?

Exercise 8

1 Ол италиялық па? 2 Олар түрік пе? 3 Ол француз ба? 4 Сіз үнділіксіз бе? 5 Ол австралиялық па? 6 Сен өзбексің бе? 7 Ол қазақ емес пе? 8 Олар орыс емес пе?

Exercise 9

1 Мен спортшымын/спортшы емеспін. 2 Мен ойыншымын/ойыншы емеспін. 3 Мен зерттеушімін/зерттеуші емеспін. 4 Мен көңілдімін/көңілді емеспін. 5 Мен бақытсызбын/бақытсыз емеспін. 6 Мен ұқыптымын/ұқыпты емеспін. 7 Мен қызғаншақпын/қызғаншақ емеспін. 8 Мен ұмытшақпын/ұмытшақ емеспін. 9 Мен үйленгенмін/үйленген емеспін.

Unit 2

Exercise 1

1 Мен Үндістаннанмын, Делиден боламын. 2 Сен Өзбекстаннан боласың, Ташкенттенсің. 3 Сіз Ресейденсіз, Мәскеуден боласыз. 4 Ол Ұлы Британиядан болады, Лондоннан. 5 Біз Францияданбыз, Парижден боламыз. 6 Сендер Америкадансыңдар, Нью Йорктен боласыңдар. 7 Сіздер Германиядансыздар, Мюнхеннен боласыздар. 8 Олар Швейцариядан, Женевадан болады.

Exercise 3

1 Ол Қарағандылық. 2 Сен Қызылордалықсың. 3 Ол Өскемендік. 4 Біздер Тараздықпыз. 5 Сіз Ақтаулықсыз. 6 Ол Қостанайлық.

Exercise 4

Көліктер, теңіздер, ағаштар, кілттер, мәшинелер, гүлдер, сөмкелер, қыздар, ұлдар, адамдар, әйелдер, саусақтар, дәптерлер, дүкендер, қабырғалар, кітаптар, парақтар, мұражайлар, ғимараттар, шкаптар, тартпалар

Exercise 5

1 Ұстара Сағаттікі. 2 Әмиян кімдікі? 3 Көзілдірік Серіктікі. 4 Сүлгі біздікі. 5 Тарақ сенікі ме?

Exercise 6

1 Ана үйлер ескі.
2 Ана диск жаңа.
3 Бұл кино жақсы.
4 Мына заттар сапалы ма?
5 Осы әдіс тиімді.
6 Осы тақырып өзекті.
7 Сол өркениет қайда?
8 Сол күндер қызық.

Exercise 7

1 жиырма жеті 2 отыз үш 3 алпыс бір 4 сексен төрт 5 тоқсан сегіз 6 бір мың екі жүз сексен бір 7 екі мың он екі 8 үш мың үш жүз 9 төрт мың жеті жүз он екі 10 екі жүз елу мың 11 сегіз жүз отыз алты мың.

Exercise 8

1 25000/жиырма бес мың теңге 2 12000/он екі мың теңге 3 2000/екі мың теңге 4 5000/бес мың теңге 5 720/жеті жүз жиырма теңге 6 120720/жүз жиырма мың жеті жүз жиырма теңге.

Unit 3

Exercise 1

1 Айгүлдің ағасы үйленген. 2 Айгүлдің ағасының екі баласы бар. 3 Айгүлдің бір әпкесі бар. 4 Айгүлдің әпкесі тұрмыста. 5 Айгүлдің інісінің аты Азамат. 6 Айгүлдің жеңгесі – Айман. 7 Айгүлдің жездесінің аты Айбек. 8 Айгүлдің сіңлісі бар. 9 Оның аты Мөлдір.

Exercise 2

1 Серік Ермектің інісі. 2 Ермек Серіктің ағасы. 3 Тоғжан Мараттың қарындасы. 4 Тоғжан Қарлығаш пен Сандуғаштың тәтесі/апасы. 5 Сара Тоғжан мен Мараттың әпкесі. 6 Күләш Ерлан мен Гүлнәрдің енесі.

Exercise 3

Бейсенбіде, сағат бесте, мейманханада. Дүйсенбіде, сағат сегізде, колледжде. Жексенбіде, сағат онда, бассейнде. Жұмада, сағат он екіде, мешітте. Сәрсенбіде, сағат сегіз жарымда, кинотеатрда. Сейсенбіде, сағат төртте, спортзалда. Сенбіде, сағат тоғызда, түнгі клубта.

Exercise 4

1 таңғы тоғыз он бес 2 түнгі он жарым 3 түнгі он бір жарым 4 таңғы жеті 5 таңғы он бір 6 түскі екі қырық

Exercise 5

1 Уақыт қанша болды? 2 Сағат неше? 3 Уақыт қанша?

Exercise 6

seconds-секунд, minutes-минут, hour-сағат, day-күн, week-апта, month-ай, year-жыл, there is/are-бар

Unit 4

Exercise 1

1 барамыз 2 жұмыс істейсің 3 көшесіңдер 4 сабақ бересіз 5 тұрады 6 келеді 7 сөйлейміз 8 үйренеді 9 тұрады

Exercise 2

1 Айнұр сирек теледидар көреді. 2 Біз жаз сайын көлге барамыз. 3 Мен күнде таңертең паркте жүгіремін. 4 Олар кешкі асты әдетте сағат жетіде ішеді.

Exercise 3

Мен ерте жатамын және ерте тұрамын. Әдетте сағат алтыда тұрып, бірінші төсегімді жинаймын. Содан кейін жуынатын бөлмеге барып, жуынамын, тісімді тазалаймын, қырынамын. Содан кейін душқа түсемін. Сүртінемін, таранамын. Содан кейін ас бөлмесіне барып, таңертеңгі асымды дайындаймын, шәй қайнатамын. Мен кофе ішпеймін, бірақ ыстық және қою шәйға сүт қосып ішемін. Уақытым болса, жаңа газеттерді қарап шығамын. Содан кейін бөлмеме келіп, киінемін. Қазір компьютерім жұмыс істемейді, сондықтан бүгін электрондық поштамды тексермеймін. Мәшинем жүрмейді, сондықтан үйден ерте шығамын. Мен жұмысқа ешқашан кешікпеймін.

Exercise 4

1 Айжан ешкіммен араласпайды. 2 Жанар ешқайда бармайды. 3 Киноға ешкім келмейді. 4 Мен ешқашан үй тазаламаймын. 5 Мен ешнәрсе білмеймін.

Exercise 5

Аты-жөні: Стэйси Брук
Жұмыс орны: TN компаниясы
Мамандығы: инженер
Мекен-жайы: Достық 56, Алматы
Телефон нөмірі: (32)236 7867
Скайп атауы: stacy.brooke
Электрондық поштасы: sbrooke@tn.com

Exercise 6

1 Менің Әлемім ағылшынша ма, әлде орысша ма? 2 Нурлан достарымен телефон арқылы хабарласып тұра ма? 3 Таңертең электрондық поштаңызды тексересіз бе?/ поштаңды тексересің бе? 4 Ата-анаңызбен хабарласып тұрасыз ба?/ Ата-анаңмен хабарласып тұрасың ба?

Exercise 7

1 (з), 2 (ә), 3 (в), 4 (ж), 5 (а), 6 (б), 7 (г), 8 (д).

Exercise 8

1 Коньки тебуге жақсысың ба? 2 Әйелің спортпен айналыса ма? 3 Папаң мен мамаң Қазақстанда тұра ма? 4 Папаң мен мамаңа жиі барып тұрасың ба? 5 Сенің қызың домбыра ойнай ма? 6 Қызың спортқа жақсы ма? 7 Сенің әйелің де банкте жұмыс істей ме?

Exercise 9

1 Күн ыстық болса, Лука суға түседі. 2 Қымбат болмаса, Стэйси атқа мінеді. 3 Зауқы соқса, олар тамақ пісіреді. 4 Шаршаса, олар киіз үйде демалады. 5 Қарындары ашса, олар балық аулайды.

Unit 5

Exercise 2

Банк**ке**, аялдама**ға**, кинотеатр**ға**, супермаркет**ке**, дәріхана**ға**, пошта**ға**, шаштараз**ға**, мешіт**ке**, шіркеу**ге**, әуежай**ға**, азық-түлік дүкені**не**, көше**ге**, ауыл**ға**, базар**ға**, мейрамхана**ға**, бассейн**ге**, дене шынықтыру залы**на**, кітапхана**ға**, театр**ға**, мұражай**ға**.

Exercise 3

1 кір жума 2 кір үтіктеме 3 ыдыс жу 4 дүкенге бар 5 көкөністер сатып ал 6 күріш тазала 7 кешкі ас пісірме

Exercise 4

1 Жоқ, кассадан сатып алмаңыз, желі арқылы сатып алыңыз. 2 Жоқ, такси шақырмаңыз, 5-троллейбуспен барыңыз. 3 Жоқ, темір жол бекетіне бармаңыз, телефон соғыңыз. 4 Жоқ, кредит қартамен төлемеңіз, ақшалай төлеңіз.

Exercise 5

1 (ә), 2 (д), 3 (б), 4 (а), 5 (г), 6 (в).

Exercise 6

1 «Алатау» қонақ үйіне қалай барамын? 2 «Рамстор» дүкені қай жерде? 3 Орталық поштаға троллейбус жүре ме? 4 Банкке жаяу жетуге бола ма?

Exercise 8

1 Әуежайдан **шығыңыз**, солға **бұрылыңыз** да көшемен түзу **жүріңіз**. Аутотұрақтың жанында солға **бұрылыңыз** да, түзу **жүріңіз**. Алдыңызда мұражай болады. Мұражайдың жанынан солға **бұрылыңыз**. Бас Алаңды **басып өтіңіз**. Қонақ үй алдыңызда болады.
2 Қонақүйден **шығыңыз** да бас алаңды **басып өтіңіз**. Көше бойымен түзу **жүріңіз**. Алдыңызда парк болады. Паркті **басып өтіңіз** де, көшеден **өтіңіз**. Базар алдыңызда болады.

3 Базардан **шығыңыз** да, көшеден **өтіңіз**. Паркті **басып өтсеңіз**, супермаркет оң жағыңызда болады.

Exercise 10

1 Сегізінші наурыз – әйелдер күні. 2 Тоғызыншы мамыр – Жеңіс Күні. 3 Бірінші маусым – балалар күні. 4 Алтыншы шілде – Астана күні. 5 Отызыншы тамыз – Конституция күні. 6 Бірінші қыркүйек – білім күні. 7 Он алтыншы желтоқсан – Тәуелсіздік күні. 8 Отыз бірінші желтоқсан – Жаңа Жыл күні.

Exercise 11

1 Сараның пәтері екінші қабатта. 2 Арманның пәтері үшінші қабатта. 3 Сашаның пәтері бесінші қабатта. 4 Жанардың пәтері төртінші қабатта.

Unit 6

Exercise 2

1 Ұшаққа билет сатып алуым керек. 2 Офиске телефон соғуым керек. 3 Маған Астананың картасы керек/қажет. 4 Астана туралы ағылшынша ақпарат кітапшасы керек/қажет. 5 Астаналық әріптесіміздің телефон нөмірі керек/қажет.

Exercise 3

Сағат жетіде, Бәйтерек кафесінде, Сәлимәмен, кешкі ас
Сағат үште, Әуезов көшесінде, Ерік Айдынұлымен, кездесу

Exercise 4

1 Фото көруге бола ма? 2 Кешіріңіздер, кіруге бола ма? 3 Киіп көруге бола ма? 4 Терезені ашуға бола ма?

Exercise 5

1 шылым шегуге болмайды 2 тамақ ішуге болмайды 3 бұрылуға болмайды 4 ағаштарды кесуге болмайды

Exercise 6

1 ол диванда отыр 2 ол диванда жатыр 3 мәшинем аулада тұр 4 біз паркте отырмыз 5 олар Астанада жүр.

Exercise 7

1 Сөмкең теледидардың жанында тұр/жатыр.
2 Кілтің үстелдің үстінде жатыр.
3 Әмияның сөмкеңнің ішінде жатыр.

Exercise 8

Possible answers: 1 «Арман» кинотеатры Республика Сарайының жанында. 2 Газет киоскісі фонтанның алдында/Абай көшесінде. 3 Азық түлік дүкені аялдаманың артында/Абай және Достық көшелерінің қиылысында орналасқан. 4 Мейманхана кинотеатрдың алдында. 5 Фонтан қонақ үйінің алдында/газет киоскісінің артында.

Unit 7

Exercise 1

2 Астана-Атырау 3 11.15 4 АТ-2 5 уақытында

Exercise 2

1 Айша жуынып жатыр. 2 Айша тісін тазалап жатыр. 3 Айша шашын тарап тұр. 4 Айша шәйін ішіп отыр. 5 Айша газет оқып отыр. 6 Айша киініп жатыр. 7 Айша жұмыс істеп отыр.

Exercise 3

Амансың ба, Райхан! Қал-жағдайың қалай? Жұмысың қалай? Москва қаласы әдемі ме? Ауа-райы қандай екен? Біздің жағдайымыз жақсы. Қазір Астанада тұрып жатырмыз. Астана өсіп келеді. Көптеген жаңа үйлер мен ғимараттар салынып жатыр. Мұнда күн салқын, бүгін де жел соғып тұр. Мен «Тасқын» компаниясында экономист болып жұмыс істеп жүрмін, ал Қайрат университетте сабақ беріп жүр. Балалар балабақшаға барып жүр. Айтпақшы, жапон тілін үйреніп жүрмін. Келесі жылы Жапонияға бір жылға оқуға баруым мүмкін. Бұл сапарды асыға күтіп жүрмін. Сәлеммен, Айжан

Translation
Hello Raikhan! How are you? How is your job? Moscow must be beautiful. What is the weather like? We are doing fine. We are living in Astana now. Astana is growing. Many new houses and buildings are being built. It is cool here. Today the wind is blowing as well. I'm working for the Taskyn company, and Kairat is teaching at a university. The kids are going to kindergarten. By the way, I'm learning Japanese. Next year I might go to Japan for a one-year internship. I'm looking forward to this trip. Regards, Aizhan

Exercise 4

1 Алтай мәшине жөндеп жатыр. 2 Алмас кино көріп отыр. 3 Марал кітап оқып отыр. 4 Мағжан шахмат ойнап отыр.

Exercise 5

1 Арман сабаққа бара жатыр. 2 Мен кітаптар әкеле жатырмын. 3 Сен не апара жатырсың? 4 Олар Астанаға бара жатыр. 5 Сіз Москвадан келе жатырсыз ба?

Exercise 6

1 Жоқ, дүкенге бара жатқан жоқпын. 2 Жоқ, кино көріп отырған жоқпын. 3 Жоқ, компьютер қосылып тұрған жоқ. 4 Жоқ, Арман теннис ойнап жүрген жоқ. 5 Жоқ, балалар бақта жүрген жоқ.

Exercise 8

1 Атырауда күн ашық, температура 16 градус жылы. 2 Семейде күн бұлтты, температура 7 градус жылы. 3 Астанада қар жауып тұр, температура 5 градус аяз. 4 Ақтауда жел соғып тұр, температура 20 градус.

Unit 8

Exercise 1

1 ойнасын 2 көрсін 3 оқиын 4 тамақ ішейік 5 тамашалайық

Exercise 3

Таңертеңгі асқа: күріш, сүт, сары майы, апельсин, лимон.
Түскі асқа: қойдың еті, картоп, қияр, ақжелкен, зәйтүн майы.
Кешкі асқа: тауықтың сорпасы, капуста, қызылша, сәбіз, картоп.

Exercise 4

1 Сенімен сөйлесейін деп едім. 2 Қонақ шақырайын деп едім. 3 Қайда барайын деп едің/едіңіз? 4 Не сұрайын деп едің/едіңіз?

Exercise 5

1 Бір кесек ет кесіп беріңізші. 2 Бір тілім сыр өлшеп беріңізші. 3 Бір қорап кәмпит беріңізші.

Exercise 6

1 Ол мына компьютерді қолдансыншы. 2 Мына есікті ашыңызшы. 3 Арманға телефон соғайыншы. 4 Киноға барайықшы.

Unit 9

Exercise 1

1 Ол жүре ала ма? 2 Сендер жүзе аласыңдар ма? 3 Сен мәшине жүргізе аласың ба? 4 Ол тамақ пісіре ала ма? 5 Олар атқа міне ала ма?

Exercise 4

1 Тамақ ішкің/ішкіңіз келе ме? 2 Демалғың/демалғыңыз келе ме? 3 Фотосурет көргің/көргіңіз келе ме? 4 Мейманханаға барғың/барғыңыз келе ме? 5 Кино көргің/көргіңіз келе ме?

Exercise 5

1 Қазақша сөйлегім келеді/келмейді. 2 Қазақстанға барғым келеді/келмейді. 3 Үйге телефон соққым келеді/келмейді. 4 Туыстарды көргім келеді/кеомейді. 5 Достарыма қонаққа барғым келеді/келмейді. 6 Демалыста қонақ шақырғым келеді/келмейді. 7 Ертең ерте тұрғым келеді/келмейді. 8 Бүгін түнде кеш жатқым келеді/келмейді.

Exercise 6

Димаштың мамаға көмектескісі келмейді.
Димаштың сабақ қарағысы келмейді.
Димаштың кітап оқығысы келмейді.
Димаштың теледидар көргісі келеді.
Димаштың компьютер ойнағысы келеді.
Димаштың бассейнге барғысы келеді.

Unit 10

Exercise 1

1 қызылша**ны** пісіріңіз 2 сарымсақ**ты** аршыңыз 3 жаңғақ**ты** ұнтақтаңыз 4 қызылша мен сарымсақ**ты** үккіштен өткізіңіз 5 қызылша**ны** шұңғыл ыдысқа салыңыз 6 сарымсақ пен жаңғақ**ты** қызылшаға қосыңыз 7 1-2 ас қасық майонез қосыңыз 8 салат**ты** араластырыңыз

Exercise 2

Қазақтар шәй**ді** сүтпен ішеді және шәйдің ыстық, қою болғанын қалайды. Қазақтар шәйдің түсіне қарайды: қою шәймен майлы сүттің қосындысы шәйға ерекше түс береді.

Мұндай шәй**ді** дайындау үшін, жоғары сапалы үнді шәй**ін** және майлы сүт**ті** қолданған дұрыс. Алдымен су**ды** қайнатыңыз. Шәйнек**ті** бір рет ыстық сумен шайыңыз. Енді шәйнекке екі-үш қасық шәй салыңыз. Үстінен қайнаған су**ды** құйыңыз. Қою шәй шығару үшін, шәйнектің қақпағы**н** жауып, сүлгімен бүркеп қойыңыз. Шәй шыққанша сүт**ті** жылытыңыз. Кесеге аздап сүт құйып, шәй**ді** оның үстінен құйыңыз. Шәй**ді** сарылдатпай және кесе**ні** толтырмай құю керек. Шәй ұсынғанда кесе**ні** қос қолмен ұстау керек.

Қазақ мәдениетінде шәй дайындау және шәй құю әйелдер үшін үлкен сын. Қазақтар бұл рәсім әйелдің тәрбиесінің көрінісі деп сенеді. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде ер адамдар шәй құймайды.

Translation

Kazakhs drink their tea with milk and prefer their tea to be hot and strong. Kazakhs also look at the colour of their tea: the combination of strong tea and creamy milk gives a special colour.

To prepare such tea, it is advisable to use high-quality Indian tea and fat milk. First boil the water. Rinse the teapot once with hot water.

And now put two or three spoons of tea into the teapot. Pour the boiled water on top. To brew strong tea, close the cover of the pot and cover the teapot with a towel. While the tea is brewing, heat up the milk. Pour a small amount of milk into a bowl and pour the tea on top of it. Tea should be poured without any noise and a *kese* [a tea bowl] should never be filled to the top. When offered, the bowl should be held by both hands.

In Kazakh culture preparing and pouring tea is an important test for a woman. Kazakhs believe that this ritual reflects a woman's upbringing. In traditional Kazakh culture, men do not pour tea.

Exercise 3

1 Мен **сізді** түскі асқа шақырамын. 2 Ол **мені** танымайды/білмейді. 3 Олар **бізді** көрмейді. 4 Сен **оны** іздеп жүрсің бе? 5 Біз **сізді** таңдаймыз. 6 Сен **оларды** сатып аласың ба? 7 Біз **оларды** ұнатпаймыз.

Exercise 4

1 Кредит карта**ны** енгізіңіз. 2 Қажетті тіл**ді** таңдаңыз. 3 Қажетті қызмет**ті** таңдаңыз. 4 Пин кодыңыз**ды** енгізіңіз. 5 Қажетті сома**ны** теріңіз.

Exercise 5

1 алма тәтті 2 палаудың тұзы көп 3 қымыз қышқыл 4 сорпаның тұзы аз 5 бұрыш ашты 6 ет тұзды 7 ас дәмді

Exercise 6

1 жақсы оқы 2 кешікпей кел 3 айқаламай сөйле 4 асықпай жүр 5 төкпей іш

Exercise 7

Translation

Apple pie

I have found this recipe in my old notebook. Try to make it! Delicious!

To make an apple pie, you need:

200g butter	vanilla
2 eggs	4 apples
half a cup of sugar	1 teaspoon of butter
7g baking powder	half a cup of nuts
2 cups of flour	cinnamon

First, add the butter to the flour and rub it in well. After that, crack the eggs and whip them together with the sugar. Add the whipped eggs to the butter. Add vanilla and baking powder and make a soft dough. Cover the dough and put it in a warm place. The dough needs to rise. Now peel the apples and cut them into cubes. Add cinnamon, nuts, sugar and butter to the apples and put them on a low heat. When the apples are soft, turn off the heat. Put aside one third of the dough and roll the rest of the dough, then put the apples on top. Now decorate the pie with the rest of the dough. Cook the pie in a preheated oven for half an hour. Enjoy!

Unit 11

Exercise 1

1 *Жұмыс* газетін сатып алмақ(шы). 2 *Жұмыс* газетіне хабарлама жібермек(ші). 3 *Жұмыс* агенттігіне бармақ(шы).

Exercise 2

1 Жолға қашан шықпақсың? 2 Билетті қашан алмақсың? 3 Ұшақпен бармақсың ба? 4 Қай қонақ үйде тоқтамақсың? 5 Қашан келмексің?

Exercise 3

1 Айгүл барлығы 11400 теңге төлемек. 2 Айгүл 50 пайыз жеңілдікпен көйлек, куртка және блузка сатып алмақ. 3 Айгүл толық бағасына белбеу және жемпір сатып алмақ. 4 Айгүл жейде, пальто, шалбар және свитерді сатып алмақ ойы жоқ. 5 Куртка мен белбеу. 6 Көйлек, жемпір, блузка.

Exercise 4

